

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ**

**«Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың  
«GYLYM JÁNE BILIM - 2023»  
XVIII Халықаралық ғылыми конференциясының  
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ  
XVIII Международной научной конференции  
студентов и молодых ученых  
«GYLYM JÁNE BILIM - 2023»**

**PROCEEDINGS  
of the XVIII International Scientific Conference  
for students and young scholars  
«GYLYM JÁNE BILIM - 2023»**

**2023  
Астана**

**УДК 001+37**  
**ББК 72+74**  
**G99**

**«GYLYM JÁNE BILIM – 2023» студенттер мен жас ғалымдардың XVIII Халықаралық ғылыми конференциясы = XVIII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «GYLYM JÁNE BILIM – 2023» = The XVIII International Scientific Conference for students and young scholars «GYLYM JÁNE BILIM – 2023». – Астана: – 6865 б. - қазақша, орысша, ағылшынша.**

**ISBN 978-601-337-871-8**

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

**УДК 001+37**  
**ББК 72+74**

**ISBN 978-601-337-871-8**

**©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия  
ұлттық университеті, 2023**

## List of sources used

1. Grieco, Cecilia, Laura Michellini, and Gennaro Iasevoli. “Measuring Value Creation in Social Enterprises: A Cluster Analysis of Social Impact Assessment Models.” *Nonprofit and Voluntary Sector Quarterly* 44 (2015): 1173-1193.
2. Herman, Robert, and David Renz. “Theses on Nonprofit Organizational Effectiveness.” *Nonprofit and Voluntary Sector Quarterly* 28 (1999): 107–126.
3. Liket, Kellie, and Karen Maas. “Nonprofit Organizational Effectiveness: Analysis of Best Practices.” *Nonprofit and Voluntary Sector Quarterly* 44 (2015): 268–296.
4. Minzner, Amy, Jacob Kerman, Carrie Markovitz, and Barbara Fink. “The Impact of Capacity Building Programs on Nonprofits: A Random Assignment Evaluation.” *Nonprofit and Voluntary Sector Quarterly* 43 (2014): 547–569.
5. Sowa, Jessica, Sally Coleman Selden, and Jodi Sandfort. “No Longer Unmeasurable? A Multidimensional Integrated Model of Nonprofit Organizational Effectiveness.” *Nonprofit and Voluntary Sector Quarterly* 33 (2004): 711–728.
6. Wing, Kennard. “Assessing the Effectiveness of Capacity-Building Initiatives: Seven Issues for the Field.” *Nonprofit and Voluntary Sector Quarterly* 33 (2004): 153–160.

УДК 33.338

## ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ИНДУСТРИАЛДЫ- ИННОВАЦИЯЛЫҚ ДАМУЫ

**Оспанқызы Лаура**

*laura.ospankyzy.02@mail.ru*

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ Экономика факультетінің 3 курс студенті  
Ғылыми жетекшісі – Әбенев Е.М

Қазіргі таңда кез келген елдің халықаралық бәсекеге қабілеттілігі елдің ұзақ мерзімді дамуындағы тұрақты экономикалық өсу қарқынымен анықталады, сонымен қоса қазіргі экономикалық жағдайда жаңа техника, технологияның, ғылыми-техникалық прогрестің дамуына байланысты, инновациялық даму елдің қарқынды дамуының негізі ретінде үлкен маңызға ие болуда.

Қазақстан экономикасының бүгінгі таңдағы стратегиялық мақсаты – инновациялар негізінде бәсекеге қабілетті индустриялық кешенді қалыптастыру. Ұлттық экономикамыздың шикізаттық экспорттық бағытынан арылуы және өнімдерді ел территориясында өндіру, өңдеу, яғни экономиканың нақты секторын дамыту өзекті мәселелердің бірі болып табылады. Сондықтан да инновацияларды енгізу арқылы ғана біз өнімділікті, бәсекеге қабілеттілікті және ұлттық экономиканың тұрақты дамуына қол жеткіземіз.

Инновациялар ұғымы экономикалық ғылымда австриялық экономист Й.Шумпетермен кеңінен қарастырылды: инновация – бұл белгілі бір процеске жаңаша көзқарас, экономика және адам қызметінің басқа салаларында жаңа ашылуларды сәтті қолдану [1].

Қазақстан Республикасының «Инновациялық қызметті мемлекеттік қолдау туралы» заңында, инновацияға және инновациялық қызметке мынадай анықтамалар берілген: «инновация» - өндірістің және қоғамды басқарудың түрлі салаларына енгізілуі

экономикалық тұрғыдан тиімді және әлеуметтік, экологиялық тұрғыдан маңызды болып табылатын, зияткерлік меншік объектісі болып табылатын ғылыми және ғылыми-техникалық қызметтің нәтижесі; ал «инновациялық қызмет» - инновацияларды өндірістің және қоғамды басқарудың түрлі салаларына енгізу арқылы пайдалану деп көрсетілген [2].

Қазақстан Республикасының индустриалды-инновациялық дамуының алғышарты ретінде 2003-2015 жылдарға арналған индустриалды-инновациялық даму стратегиясы қабылданып, қазіргі таңда белгіленген кезеңдерімен жүзеге асырылуда. Аталмыш стратегия Қазақстанның 2015 жылға дейінгі кезеңге мемлекеттік экономикалық саясатын қалыптастырып, экономика салаларын әртараптандыру жолымен елдің тұрақты дамуына қол жеткізуді көздейді. Индустриалды-инновациялық даму стратегиясының негізгі бағыттары:

- ғылыми-техникалық және өндірістік ұйымдар мен кәсіпорындардың инновациялық қызметін ынталандыруға бағытталған заңнамалық базаны жетілдіру, ғылым және инновация сферасына инвестициялар тарту;

- инновациялық қызмет субъектілерін мемлекеттік қолдау тәсілдері мен формаларын әзірлеу; - инновациялық сфера үшін кадрларды даярлау және қайта даярлау;

- мемлекеттік, салааралық, салалық және аймақтық сипаттағы инновациялық қызметтің мамандандырылған субъектілерін (мемлекеттік даму институттары) жасауды қамтитын инновациялық инфрақұрылымды қалыптастыру; - отандық кәсіпорындардың ең жоғарғы әлемдік тәжірибеге сәйкес сапа стандарттарына өтуін белсендіру, және т.б. [3].

Қазақстан Республикасын үдемелі индустриялық-инновациялық дамыту жөніндегі 2010 – 2014 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарлама Мемлекет басшысының «Жаңа онжылдық – жаңа экономикалық өрлеу – Қазақстанның жаңа мүмкіндіктері» атты Қазақстан халқына Жолдауын орындау үшін, сондай-ақ Қазақстанның 2030 жылға дейінгі даму стратегиясын іске асырудың екінші кезеңі болып табылатын Қазақстан Республикасының 2020 жылға дейінгі стратегиялық даму жоспарының түйінді бағыттарына сәйкес әзірленді. Бағдарлама экономиканы әртараптандыру және оның бәсекеге қабілеттілігін арттыру арқылы орнықты және теңгерімді өсуін қамтамасыз етуге бағытталған.

Стратегияны жүзеге асыру мақсатында жасалып жатқан іс-шаралар нәтижесі мыналар болып табылады:

1. Стратегияны жүзеге асыру үшін заңнама базасының құрылуы: 2005 жылғы 25 сәуірдегі №387 ҚР-дың 2005-2015 жылдарға арналған ұлттық инновациялық жүйесін құру бағдарламасы, 2006 жылы 23 наурыздағы «Инновациялық қызметті мемлекеттік қолдау туралы» ҚР-дың Заңы және т.б. қабылданды.

2. Ұлттық даму институттарының құрылуы. Қазақстандағы даму институттары жүйесіне мыналар кіреді: «Ұлттық инновациялық қор» АҚ, «Қазақстанның Даму Банкі» АҚ, «Экспортты дамыту және ілгерілету бойынша корпорация» АҚ, «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ, «Қазақстанның инвестициялық қоры» АҚ, «Инжиниринг және технологиялар трансферті орталығы» АҚ. Олардың мақсаты- стратегия шеңберінде жобаларды таңдау және қаржыландыру болып табылады.

3. Венчурлік қорлардың құрылуы. «Ұлттық инновациялық қор» АҚ отандық алты венчурлік қор құрды («Өрекет» жоғарғы технологиялар қоры» АҚ, «Адвант» венчурлік қоры АҚ, «Сентрас венчурлік қор» Тәуекелдік инвестициялаудың акционерлік инвестициялық қоры АҚ, «Glotur Technology Fund венчурлік қоры» АҚ, «Logusom perspective innovations» АҚ, «Almaty venture capital» АҚ. [4].

Дегенмен де жасалған шараларға қарамастан, кәсіпорындардың инновациялық белсенділік деңгейінің көрсеткіштері баяу өзгерген.

## 1-кесте

Жылдар	Инновациялық белсенді кәсіпорындар саны	Инновация саласындағы белсенділік деңгейі, %
2016	2 879	9,3
2017	2 974	9,6
2018	3 230	10,6
2019	3 206	10,3
2020	3 236	10,7

2019 жыл қорытындысы бойынша 28411 респонденттердің кәсіпорындардың тек 3206-сі немесе 10,3%-ы инновациялық белсенді болған. Бұл 2018 жылмен салыстырғанда кәсіпорындардың инновациялық белсенділік деңгейі 0,3%-ға төмендеген. Ал 2020 жылмен салыстырсақ, бұл инновациялық белсенді кәсіпорындар саны 2018 жылға қарағанда біршама аз қосылған, яғни - 30, ал кәсіпорындардың инновациялық белсенділік деңгейі 2018 жылдағы көрсеткішінен тек 0,1%-ға жоғарылады.

## 2-кесте

Жылдар	2016	2017	2018	2019	2020
Респонденттер саны, барлығы	31 077	30 854	30 501	28 411	28 087
одан: инновациясы бар	2 879	2 974	3 230	3 206	3 236
Инновация саласындағы белсенділік деңгейі, %	9,3	9,6	10,6	10,3	10,7
Ғылыми-зерттеу, жобалау-конструкторлық ұйымдардың саны	383	386	384	386	396

Бұл мәліметтерден шығатын түйін кәсіпорындардың инновациялық белсенділік деңгейінің нәтижелеріне, қабылданған индустриалды-инновациялық даму стратегиясын жүзеге асырудағы жүйеліліктің болмауы ықпал етті.

Инновациялық даму бойынша бағдарламалардың көбісі декларативті сипатқа ие және олардың жүзеге асырылуы өте баяу. Даму институттары қызметін бағалау жүйесі жоқ. Инновациялық жүйені дамытуға көптеген қаражат бөлінеді, алайда оларды игеруді бағалау критерийлері жасалмаған: рентабелділік нормасы, т.б.

Стратегияны жүзеге асыруда басты назар инновациялық жүйе инфрақұрылымын-инновациялық қызметтің мамандандырылған шаруашылық субъектілерін: ұлттық және технологиялық парктер, бизнес-инкубаторлар мен инновациялық қорларды құруға қойылды. Инновациялық жобаларды жүзеге асыруда инновациялық жүйені жоғары білікті кадрлармен қамтамасыз ету, отандық ғылымның дамуы мен интеллектуалды меншік облысындағы заңнаманың жетілдірілу мәселелері туындайды.

Инновациялық процестердің даму мәселелерін шешу үшін жүйелік тәсілді қолдану қажет. Егер инновацияларды жүйелік тәсіл тұрғысынан қарастырсақ, онда инновацияларды үш субъектінің өзара байланыс нәтижесі ретінде көрсетуге болады:

1. «Идеяларды генерирлейтін субъектілер» (ЖОО, ғалымдар, өнертапқыштар, т.б.).

2. «Кәсіпкерлер» осы идеяларды қабылдап, дамытып, коммерциализациялайды.
3. «Мемлекет» біздің республикамызда даму институттары болып табылады [5].

Инновациялық дамудағы олқылықтарды жою үшін инновациялық экономика негізін құру керек: ең алдымен басымдық ретінде ел экономикасындағы ашық бәсекені қамтамасыз ету, сонымен қатар сапалы білім беру жүйесі болу керек. Бұдан басқа, даму институттарының қызметін бағалау критерийлерін енгізу және инвестициялау процесінің мөлдірлігін қамтамасыз ету қажет.

#### **Қолданылған әдебиеттер тізімі:**

1. <https://www.stat.gov.kz/official/industry/23/statistic/8>
2. Вестник КазНУ. Серия экономическая, № 1 (83). 2011
3. <http://rmebrk.kz/journals/5299/5161.pdf#page=66>

УДК 338.43

### **УЧЕТНО-АНАЛИТИЧЕСКОЕ ОБЕСПЕЧЕНИЕ КАЛЬКУЛИРОВАНИЯ СЕБЕСТОИМОСТИ ПРОДУКЦИИ НА МОЛОЧНОМ ПРЕДПРИЯТИИ**

Радченко Марина Валерьевна

Магистрант, Восточно-Казахстанский университет им.С. Аманжолова, Усть-Каменогорск,  
Казахстан

Научный руководитель – к.э.н. Ордабаева М.А.

Затраты на производство продукции относятся к числу важнейших качественных показателей, в обобщённом виде отражающих все стороны хозяйственной деятельности предприятия.

Уровень затрат на производство связан с объёмом и качеством продукции, использованием рабочего времени, сырья, материалов, оборудования, расходом фонда оплаты труда и т.д.

Совокупность затрат на производство продукции образует показатель себестоимости - важнейший показатель деятельности предприятия, отражающий все его затраты и непосредственно влияющий на уровень прибыли.

Всё вышеизложенное свидетельствует об актуальности и значимости исследования проблем калькулирования себестоимости продукции, в целях минимизации затрат предприятия.

Под затратами предприятия понимается денежное выражение затраченных предприятием ресурсов, необходимых для осуществления производственной и коммерческой деятельности, связанной с выпуском и реализацией продукции и оказанием услуг.

Предприятие может использовать различные методы калькулирования себестоимости продукции. На выбор влияют отраслевые особенности, номенклатура продукции, длительность производства продукции, размеры предприятия и прочие существенные факторы.

В процессе калькулирования наибольшую проблему представляет процесс учёта и распределения косвенных затрат на себестоимость. На практике, косвенное распределение затрат приводит к погрешности в определении себестоимости конкретного вида продукции.